Жарияланған кестені өңдеуге болады. Кестені өңдеуге келесі пайданушыларға қолжетімді:

- «Кесте» блогына толық қолжетімділігі бар Редактор;
- әкімші.

Кесте сызбасы жарияланғаннан кейін сабақ деректерімен жұмыс (сабақты қосу, өңдеу және сабақтың болдырмауы) есептік кезеңге арналған кесте торында тікелей жүргізіледі.

**Сабақ туралы ақпаратты өңдеуге көшу үшін қажет:**

- осы сабаққа меңзерді апарған кезде қалқымалы терезеде пайда болатын «қарындаш» белгішесіне басу;
- ашылған терезеде өзгерту керек сабақ параметрлерін таңдау.




Сабақты өзгертудің екі нұсқасының біреуін таңдау:

- **Белгілемеу** (қатені түзету және т.б.). Бұл нұсқада сабақ туралы ақпараттың өзгеруі сабақты ауыстыру/кейінге ауыстыру ретінде белгіленбейді, бірақ кез-келген жағдайда пайдаланушы күнтізбелерінде нақты көрсетіледі;
- **Ауыстыру / кейінге ауыстыру ретінде таңдау**. Сабақ туралы ақпараттың өзгертілуі пайдаланушылардың жеке күнтізбелерінде көрінеді, сабақ жүйеде жоспардан тыс болып тіркеледі;
- **«Сақтау»** батырмасын басу.




Кестедегі елеулі өзгерістер кезінде кесте сұлбасын өңдеп, өзгерістер күшіне енген аптадан бастап оны жариялау ұсынылады.

Қажет болған жағдайда, кесте торын алдын-ала тазалап алу керек, егер жойылған сабақтармен байланысты бағалар мен үй тапсырмалары болмаса.

**Назар аударыңыз!** *Кесте сұлбасы негізгі кестенің бос ұяшықтарына жариялануы керек, әйтпесе сұлбаға енгізілген өзгерістер негізгі кестеде пайда болмайды. Кестені тазарту сабаққа қатысты барлық деректерді жоюды қамтитынын ескеріңіз: олар туралы жалпы ақпарат, бағалар, қатысу белгілері, үй тапсырмалары және түсініктемелер.*

**Сабақты болдырмау немесе жою үшін:**

- осы сабаққа тінтуірді апарған уақытта қалқымалы терезеде пайда болатын «минус» белгісіне басу;
- қажетті нәтижеге байланысты «Сабақты кейінге қалдыру» бастырмасына немесе «Сабақты жою» басырмасына басу;
- таңдалған әрекетті растау.




**Ескерту**: сабақты кейінге қалдыру пайдаланушы күнтізбелерінде көрсетіледі және жүйеде жазылады**.**

**Сабақты жойған кезде онымен байланысты барлық ақпарат (бағалар, қатысу белгілері, түсініктемелер, сабақ тақырыбы және т.б.) қайтарымсыз жойылады**.

**Кейінге қалдырылғанған сабақ** кестеде және күнтізбелік жоспарлауда қызыл түспен ерекшеленеді. Алайда журналда жойылған сабақ жасырылады.






Сабақты кейінге қалдырған кезде үй тапсырмасын **қайта берудің қажеті жоқ**, кейінге қалдырылған сабақтан үй тапсырмасы автоматты түрде кестеде көрсетілген жоспарланған күн бойынша келесі сабаққа беріледі.